

**Өскемен қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына № 6 сайлау округі бойынша үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 3778 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда № 5-1-107 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі № 6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 02.04.2009 № 6 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 28 қаңтарындағы № 1 "Шығып кеткендердің орнына 2009 жылдың 29 наурыз күні мәслихат депутаттарын сайлауды тағайындау туралы" шешіміне сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына № 6 сайлау округі бойынша үміткерлер үшін үгіт материалдарын орналастыру үшін орындар келесі мекенжайлар бойынша белгіленсін:

"Орталық" базарының маңында (Қабанбай батыр есіміндегі көшесі, 142);

"Занғар" және "Евразия" сауда үйлерінің маңында (Қабанбай батыр есіміндегі көшесі, 144);

"Березка" дүкенінің маңында (Қазақстан көшесі, 78);

"Орталық" дүкенінің маңында (Қазақстан көшесі, 70);

А.С. Пушкин есіміндегі кітапхана маңында (Қазақстан көшесі, 102);

"Волна" дүкенінің маңында (Буров көшесі, 5);

Өскемен вокзалының маңында (Мыза көшесі, 1).

2. Осы қаулы оның бірінші рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласының әкімі*

*Т. Қасымжанов*

*Келісілді:*

*Өскемен қалалық аумақтық сайлау*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК